

Бестамақ “Болашақ” балалар бақшасы

Адал ұрпақ тәрбиелеу – ортақ міндет

(Ата-аналармен ашық диалог)

2025 жыл, қараша.

Тақырыбы: Адал ұрпақ тәрбиелеу – ортақ міндет

Форматы: Ашық диалог / дөңгелек үстел

Өткізу орны: Балабақша акт залы

Қатысушылар: Тәрбиешілер, меңгеруші, ата-аналар, психолог

Мақсаты:

- Баланың ерте жастан адалдық, шыншылдық, әділдік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру жолдарын ата-аналармен бірлесе талқылау.
- Отбасы мен балабақша арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту.
- Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату.

Іс-шара барысы:

1. Кіріспе сөз

Меңгеруші:

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі ашық диалогымыздың мақсаты – бала тәрбиесінде адалдықтың маңызын талқылау. Адал ұрпақ – ел болашағы. Бұл жолда сіз бен біз бірлесе жұмыс істеуіміз қажет.

2. Тәрбиешінің баяндамасы

Тақырыбы: «Адалдық – баланың мінез-құлқының негізі»

Мазмұны:

- Балабақшада адалдыққа тәрбиелеу әдістері: ертегі, ойын, үлгі көрсету.
- Баланың бойындағы адалдықты қалыптастыруда тәрбиешінің рөлі.
- Мысалы: «Шыншыл бала» атты рөлдік ойын, «Адалдық туралы ертегілер апталығы».

3. Психологтың кеңесі

Тақырыбы: «Адалдық – тұлғалық дамудың іргетасы»

Мазмұны:

- Баланың 3–6 жас аралығында мінез-құлықтың қалыптасуы.
- Ата-ананың сөзі мен әрекетінің балаға әсері.
- Кеңес: «Балаға өтірік айтпаңыз», «Адал әрекетті мадақтаңыз», «Балаға таңдау еркіндігін беріңіз».

4. Ата-аналармен ашық диалог

Модератор сұрақтары:

- Сіз балаңызға адалдықты қалай үйретесіз?
- Үйде қандай жағдайлар арқылы шыншылдықты қалыптастырасыз?
- Баланың өтірік айтуына не себеп болады деп ойлайсыз?

Ата-аналар пікірлері:

- Тәжірибе бөлісу
- Ұсыныстар айту
- Сұрақтар қою

5. Балалардың шағын көрінісі

Көрініс атауы: «Адал бала – арлы бала»

Мазмұны:

Балалар адалдық туралы шағын сахналық көрініс көрсетеді.

